

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының 6D010300– Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШКІРІ

Ғ.Е. Ботабаевтың диссертациялық зерттеуі аясында қарастырылып отырған мәселесі өзекті, себебі біздің міндетіміз- толеранттылық ұғымының әр түрлі түсіндірулерінде ортақ және айырықша ұғымын анықтау және соның негізінде оның психикалық құбылыс ретінде түсінігін қалыптастыру. Толеранттылық ұғымының мазмұнды толықтырылуы туралы мәселе тұлғаның өзі үшін де, мемлекет пен қоғам үшін де өзекті болып отыр. Зерттеушілердің көпшілігі толеранттылық - бұл адамдардағы, пікірлердегі, көзқарастардағы адамдарға төзімділік қана емес, сонымен бірге өз құндылықтарын сақтай білу және даралық деп атады. Жалпы толерантты мінез-құлық басқа дүниетанымдық көзқарастардағы адамдарға құрметпен көрінеді, жанашырлық пен диалогты басқара білу, жанжалды жағдайларды сындарлы шешу, оның қалыптасуы қазіргі заманғы білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Білім беру саласында қызмет ететін педагог мамандары үшін толеранттылық идеяларын жүзеге асыру өте өзекті болып табылады. Педагог пен білім алушылардың кәсіби өзара құзыреттілін дамытуда толеранттылық оқу процесі субъектілерінің жеке өзін-өзі дамыту қасиеттерін анықтауды, танымдық іс-әрекеттерінің әртүрлі тәсілдерін белсенді игеруді, жаңа білім беру мүмкіндіктерін үйрену қабілеттіліктерін анықтайды.

Автор ғылыми жұмысы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны оқытушының арнайы қабілетін кәсіби маңызды сапасы ретінде қарастырылған. Бұл мәселенің өзектілігі практикалық және теориялық сипаттағы себептермен анықталады. Студентті сол калпында қабылдау және өзара әрекеттестік бойынша түйсікпен қабылдау, педагогика қызметінің табыстылығының қажетті шарты болып табылады. Толерантты педагог студенттерге жақсы қараса, өз мінез-құлқын қалыптастырудың ерекше тәсілінің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткізеді. Қазіргі таңда заманауи мектептерде және жоғары оқу орындарында педагог тұлғасының рөлі айтарлықтай артуда.

Қазіргі мектептердегі және жоғары оқу орындарындағы басты мәселенің бірі – педагогикалық толеранттылық қатынастардың асқынуы, білім алушылар «бай және кедей» деп бөлу, діни көзқарасы басқа адамдарға төзбеушілік жатады.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының жұмысында мұғалімнің арнайы қабілеттері мәселесі бойынша зерттеулерді талдау оларды зерттеу бірнеше бағыттарда жүргізілгенін көрсетеді: педагогикалық қабілеттіліктің мәнін,

құрамдас құрамын және құрылымын анықтау; мұғалімнің педагогикалық қабілеттілігінің жекелеген түрлерін зерделеу; мұғалімнің арнайы қабілетіне пәндік ерекшелігі мен бағыттылығының әсерін зерттеу; мұғалімдердің жеке қасиеттерімен қабілеттерінің өзара байланысын анықтау; мұғалімнің кәсіби қалыптасуын зерттеу деп бөліп көрсетеді.

Педагогикалық толеранттылық «Мен және сен» деген антропологиялық мәселе шеңберінде қарастырылады. Педагогикалық толеранттылықты қарым-қатынаспен тығыз байланысты деп санайды және кез келген педагог оқу процесіндегі барлық субъектпен өзара әрекеттесуге төзімді болу керектігін баса айтады.

Докторант педагогикалық іс-әрекет дәстүрлі түрде психологиялық зерттеу пәні ретінде толеранттылықтың психологиялық мазмұны болып табылады. Педагогикалық қызметтің психологиялық құрылымымен, педагогикалық шеберлікпен, толеранттылықтың психологиялық мазмұны мен педагогикалық мәдениетпен, мұғалім тұлғасын қалыптастыру процесімен және т. б. байланысты мәселелердің кең ауқымы зерттелді және мүмкіндігін жан-жақты қарастырады.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациясының зерттеу нысанында жалпы білім беретін мектептің мұғалімінің және жоо оқытушылардың жеке басы мен атқаратын қызметін қарастырса, зерттеу пәні ретінде педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны ашты. Сонымен қатар, зерттеу міндеттеріне пән мұғалімінің арнайы қабілеттеріне теориялық-эксперименталдық психологиялық талдау жүргізу, арнайы қабілеттердің гипотетикалық теоретикалық моделін әзірлеу, интегралдық даралық теория арнасында педагогикалық толеранттылықтың психологиялық тұжырымдамасын қалыптастыру қаралды. Олардың кәсіби қалыптасу кезеңдеріне байланысты әртүрлі пәндер мұғалімдерінің арнайы қабілеттерінің педагогикалық толеранттылық пен психологиялық құрылымын эксперименттік тұрғыдан анықталынды және педагогикалық және пәндік қабілеттерінің функционалдық өзара қарым-қатынасын зерттелген. Айта кетуге болады, мұнда мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті барысында арнайы қабілеттерін дамыту ерекшеліктерін ашып, арнайы қабілеттерді детерминациялайтын интегралды даралықтың әртүрлі деңгейлі қасиеттерінің педагогикалық толеранттылықтың кешендерін анықталынды. Сонымен қатар, отандық және шетелдік психологиядағы төзімділіктің сипаттамаларын түсінудің негізгі теориялық тәсілдерін анықталынып, педагогтың сабақ беру және тәрбиелеу іс-әрекетінің нәтижелігіне педагогикалық толеранттылықтың әсерін анықтау және педагогикалық толеранттылықтың әсерін анықтау және педагогикалық төзімділіктің даму үлгісін мұғалім қызметінің барысында кәсіптік маңызды сапа ретінде негізделінді.

Ізденуші жұмыстың мақсатында оқытушының қасиеттерін және субъективті тәжірибесін талдау негізінде жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің педагогикалық толеранттылық ерекшелігін анықтап және бірнеше тұжырымдарын ұсынған.

Доктаранттың зерттеудің орталығы және тәжірибеге алынғандар Түркістан облысына қарасты Шымкент қаласының орта мектептері мен университеттерінің 286 мұғалім және Шымкент қаласының М.Әуезов атындағы оңтүстік Қазақстан университетінің 50 студент қатысты. Зерттеу 2019-2021 жылдар аралығында орындалатын жұмысқа қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жүргізілді.

Автордың ғылыми жұмысында педагогикалық төзімділік пен төзімсіздікке ие мұғалімдердің оқушыларға деген көзқарасы әртүрлі болып келеді. негізінде тақырыптың өзекті екендігі дәлелденген.

Ботабаев Ғалымжан Еркебайұлының диссертациялық жұмысының нәтижелері бойынша көптеген ғылыми басылымдарда жарияланды, соның ішінде 3 мақала – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті анықтаған рецензияланған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда, 1 мақала – SCOPUS базасына кіретін рецензияланған халықаралық журналда және 4 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, 2 шетелдік халықаралық ғылыми-конференция материалдарында жарияланған.

Ғ.Е.Ботабаевтың диссертациялық жұмысы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қоятын талаптарына сәйкес келеді және «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты. Жұмыс автордың өз бетінше, жеткілікті жоғары деңгейде орындаған және толық аяқталған ғылыми жұмыс.

Ғ.Е.Ботабаевтың «Оқытушының арнайы қабілетін дамытудағы педагогикалық толеранттылықтың психологиялық мазмұны» тақырыбындағы докторлық диссертациясын Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жанындағы «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынуға лайықты деп есептеймін, көпшілік алдында қорғауға рұқсат етіледі.

Отандық кеңесші:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық университетінің жалпы
және қолданбалы психология
кафедрасының доценті,
психология ғылымдарының
докторы**

КОЛТАҒАСЫН
РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ



Н.К. Токсанбаева